

"Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 950 қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес, "Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тануға байланысты, өңір экономикасы үшін оның маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналарды "Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың мынадай:

- 1) өндірістің технологиялық циклын қамтамасыз ететін мүліктік кешенді бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;
- 2) әкімшілік шығыстар мен бірінші және екінші кезектердегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес лотты сатудың ең төменгі бағасын белгілеуді;
- 3) технологиялық циклдың үздіксіздігін сақтай отырып, банкроттық рәсімін өткізуді ;
- 4) конкурстық басқарушыға меншік құқығы лотты сатып алушыға өту сәтіне дейін тұтынушыларды энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Лотты сатып алуға мыналарды:

- 1) электр энергиясын беру және тарату, электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияларының болуын;
- 2) қызметтік бейінін, тұтынушылармен шарттарды және көрсетілетін қызметтер көлемін сақтап қалу жөнінде міндеттемелер қабылдауын;
- 3) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментімен келісілген өңірді энергиямен жабдықтаудың тиімділігін арттыру жөніндегі инвестициялық бағдарламасының болуын ;
- 4) Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарының үздіксіздігін қамтамасыз етуін және осы шарттар бойынша міндеттемелер қабылдауын көздейтін қосымша талаптар белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК